

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі

“«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы” мәселе бойынша

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 55-бабы 2-тармағына, 56-бабы 1-тармағына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2025 жылғы 31 желтоқсандағы (№4/2025 хаттама, №1 мәселе) шешімдерімен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2\2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы жарғысының 12-бабы 98-тармағының 10) тармақшасына және 13-бабы 105, 112, 113-тармақтарына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2025 жылғы 31 желтоқсандағы (№4/2025 хаттама, №2 мәселе) шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 7-тараудың 38-тармағының 11) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2025 жылғы 29 мамырдағы (№2/2025 хаттама, №4 мәселе) және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2023 жылғы 6 қарашадағы (№5/2023 хаттама, №2 мәселе) шешімдерімен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы (№2\2023 хаттама, №6 мәселе) шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компания» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің 3-тарауы 3.1-параграфының 3.1.1 және 3.1.17-тармақтарына, 3-тарауы 3.2-параграфының 3.2.1-тармағына, 4-тарауы 4.2-параграфының 4.2.4-тармағына сәйкес,

ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы

былай деп ШЕШТІ:

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамы 9 (тоғыз) адам деп белгіленсін.

2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі келесі құрамда сайлансын:

Жақыпов Нұрлан Қаршағаұлы – «Самрук-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;

Таубаев Бақытжан Рысбекұлы – «Самрук-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;

Қайыргелді Жандос Абайұлы – «Самрук-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;

Хасенов Асхат Ғалымұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасы;

Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – тәуелсіз директор;

Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы – тәуелсіз директор;

Филип Холланд (Philip Holland) – тәуелсіз директор;

Мыңшарипова Сая Найманбайқызы – тәуелсіз директор;

Шәкіров Асқар Оразалыұлы – тәуелсіз директор.

3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Жақыпов Нұрлан Қаршағаұлы сайлансын.

4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі – осы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жыл деп белгіленсін.

5. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелеріне сыйақы төлеу және шығындарды өтеу мөлшері мен шарттары осы шешімге қосымшаға сәйкес белгіленсін.

6. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Жақыпов Нұрлан Қаршағаұлы белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің
жылдық жалпы жиналысының
2026 жылғы «__» тамыздағы №____
шешімінің жобасына қосымша

**“«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы” мәселе
бойынша түсіндірме жазба**

Астана қ.

2026 жылғы «__» _____

1. Мақсат және міндет

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – **ҚМГ, Қоғам**) Директорлар кеңесінің бұрын сайланған құрамының өкілеттік мерзімі аяқталуына байланысты, ҚМГ Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – **ДК**) құрамын 9 адам санында, өкілеттік мерзімі 3 жылға сайлауы.

2. Экономикалық әсер

ДК-нің құрамын сайлаудан болатын экономикалық әсер бизнестің нарықтық құнының деңгейін сақтаумен/өсуімен, инвестициялық тартымдылықты арттырумен, стратегиялық шешімдерді оңтайландырумен және қаржылық тәуекелдерді төмендетумен көрінеді.

3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының (бұдан әрі – **АҚ туралы Заң**) 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қоғамның 2024 жылғы 28 мамырдағы жылдық Акционерлердің жалпы жиналысы (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) және Қоғамның 2025 жылғы 31 желтоқсандағы кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысы (№4/2025 хаттама, №1 мәселе) шешімдерімен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, Қоғамның 2023 жылғы 30 мамырдағы жылдық Акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен (№2/2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының (бұдан әрі – **Қоғам Жарғысы**) 12-бабы 98-тармағының 10) тармақшасына, 13-тарауының 112-тармағына, Қоғамның 2025 жылғы 31 желтоқсандағы кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысы (№4/2025 хаттама, №2 мәселе) шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережесінің (бұдан әрі – **АЖЖ туралы Ереже**) 7-тарауы 38-тармағының 11) тармақшасына сәйкес, Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысының (бұдан әрі – **АЖЖ**) ерекше құзыретіне ДК-нің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелері мен төрағасын сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ДК-нің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылардың мөлшері мен төлеу шарттарын және шығыстарды өтеуді айқындау жатады.

Кезектен тыс АЖЖ 2023 жылғы 6 қарашадағы (№5/2023 хаттама, №2 мәселе) және жылдық АЖЖ 2025 жылғы 29 мамырдағы (№2/2025 хаттама, №4 мәселе) шешімдерімен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, жылдық АЖЖ 2023 жылғы 30 мамырдағы (№2/2023 хаттама, №6 мәселе) шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі туралы ережесінің 3-тарауы 3.1-параграфының 3.1.1 және 3.1.18-тармақтарына сәйкес,

ДК мүшелері АЖЖ шешімімен үміткерлердің құзыреттіліктері, дағдылары, жетістіктері, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесі ескеріле отырып, 3 жылға дейінгі мерзімге сайланады.

АЖЖ-ның 2023 жылғы 14 тамыздағы (№4/2023 хаттама, №1 мәселе), 2023 жылғы 6 қарашадағы (№5/2023 хаттама, №1 мәселе), 2024 жылғы 28 мамырдағы (№1/2024 хаттама, №7 мәселе), 2025 жылғы 5 мамырдағы (№1/2025 хаттама, №1 мәселе), 2026 жылғы 29 мамырдағы (№1/2026 хаттама, №4 мәселе) шешімдерімен өкілеттік мерзімі 3 жыл болатын 9 адам санындағы ДК-нің қазіргі құрамы сайланды:

1. Жақыпов Нұрлан Қаршағаұлы – «Самрук-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
2. Отыншиев Елжас Мұратұлы – «Самрук-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
3. Таубаев Бақытжан Рысбекұлы – «Самрук-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
4. Хасенов Асхат Ғалымұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасы;
5. Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – тәуелсіз директор;
6. Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы – тәуелсіз директор;
7. Филип Холланд (Philip Holland) – тәуелсіз директор;
8. Мыңшарипова Сая Найманбайқызы – тәуелсіз директор;
9. Шәкіров Асқар Оразалыұлы – тәуелсіз директор.

ДК-нің қолданыстағы құрамының өкілеттік мерзімі 2026 жылғы 13 тамызда аяқталады. Осыған байланысты, ДК-нің құрамын жаңа мерзімге сайлау туралы шешім қабылдау және ДК мүшелерінің өз міндеттерін атқаруы үшін сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттарын және шығындарды өтеуді айқындау қажет.

ДК (2026 жылғы 8 шілдедегі №11/2026 хаттама, №23 мәселе) 2026 жылғы 13 тамызда кезектен тыс АЖЖ шақыру туралы шешім қабылдады, оның күн тәртібіндегі мәселелердің бірі ДК-нің құрамы туралы мәселе болып табылады.

Кезектен тыс АЖЖ-ның 2025 жылғы 13 қазандағы (№3/2025 хаттама, №1 мәселе) шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес, тәуелсіз директорлар үшін де, акционер өкілдері үшін де міндетті болып табылатын өзін-өзі бағалау жолымен ДК-нің қолданыстағы құрамының 2025 жылғы қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізілді. ДК мен оның мүшелерінің қызметін бағалау нәтижелері ДК мүшелерін қайта сайлау немесе олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде ескеріледі. ДК-нің 2025 жылғы қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қорытынды нәтиже 89,58 % (100 %-дан) құрады. Бұл нәтиже ДК-нің қолданыстағы құрамының барлық елеулі аспектілері бойынша белгіленген критерийлердің барлығына дерлік сәйкес келетінін және ДК-нің қолданыстағы құрамының тиімді жұмыс істейтіні туралы жеткілікті растау бар екенін білдіреді. ДК-нің 2025 жылдың қорытындысы бойынша қызметінің өзін-өзі бағалау нәтижелерін ДК 2026 жылғы 30 наурызда қарады (№5/2026 хаттама, №14 мәселе).

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ДК-нің қолданыстағы құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғандықтан, ДК-нің қызметіне жүргізілген бағалаудың оң нәтижелерін назарға ала отырып, КМГ акционерінің, АҚ туралы Заңның 14-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қоғам Жарғысының 7-бабы 31-

тармағының 6) тармақшасына, АЖЖ туралы ереженің 3-тарауы 8-тармағының 6) тармақшасына сәйкес, өз құқығын басшылыққа ала отырып, ҚМГ-ның ірі акционері ретінде «Самрук-Қазына» АҚ АЖЖ-тың шешімін қабылдау үшін мынаны ұсынылады:

- 1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ДК-нің сандық құрамы 9 адам деп белгіленсін;
- 2) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ДК келесі құрамда сайлансын:
Жақыпов Нұрлан Қаршағаұлы – «Самрук-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
Таубаев Бақытжан Рысбекұлы – «Самрук-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
Қайыргелді Жандос Абайұлы – «Самрук-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
Хасенов Асхат Ғалымұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының

төрағасы;

- Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – тәуелсіз директор;
- Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы – тәуелсіз директор;
- Филип Холланд (Philip Holland) – тәуелсіз директор;
- Мыңшарипова Сая Найманбайқызы – тәуелсіз директор;
- Шәкіров Асқар Оразалыұлы – тәуелсіз директор;

3) ДК-нің төрағасы болып Жақыпов Нұрлан Қаршағаұлы сайлансын;

4) ДК-нің өкілеттік мерзімін айқындау – 3 жыл;

5) ДК-нің сайланатын мүшелерінің – тәуелсіз директорлардың сыйақысы мен шығыстарын өтеу мөлшері мен төлеу шарттарын осы мәселе бойынша шешім жобасына қосымшаға сәйкес айқындау.

Заңның 50-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, 54-бабы 3-тармағына, Қоғам Жарғысының 11-бабы 91-тармағының 2) тармақшасына және АЖЖ туралы ереженің 16-тарауы 120-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция - бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Бұл жағдайда, егер Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір үміткер болса, кумулятивтік дауыс беру қолданылмайды, себебі ҚМГ акционерлерінің дауыстарын үміткерлер арасында бөлу рәсімі міндетті емес (баламалы үміткерлер болмаған жағдайда, дауыстарды бірнеше адам арасында бөлудің кумулятивтік жүйесі объективті түрде қолданылмайды, ал дауыс беру іс жүзінде бірыңғай үміткердың сайлануын растау/растамау түрінде жүзеге асырылады).

Осылайша, ДК-нің құрамындағы 9 орынның әрқайсысына бір үміткер ұсынылғандықтан, кумулятивтік дауыс беру қолданылмайды.

АҚ туралы Заңның 36-бабы 2-тармағына және 50-бабы 1-тармағына, Қоғам Жарғысының 11-бабы 91-тармағына және 12-бабы 99-тармағына, АЖЖ туралы ереженің 7-тарауы 41-тармағына және 16-тарауының 120-тармағына сәйкес, бұл мәселе бойынша шешім қабылдау үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ дауыс беруге қатысатын дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік дауысы қажет. Шешім «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді/ сәйкес келеді.

5. Шешім қабылдау немесе қабылдамау кезіндегі негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдарлар

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

Бұл мәселе бойынша шешім қабылдамау АҚ туралы Заң мен Қоғам Жарғысының талаптарын сақтамау қаупін тудырады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты:

Нұрлан Қаришығаұлы Жақыпов.

2. Үміткерді ұсынатын акционердің атауы:

«Самұрық-Қазына» АҚ, үміткер «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі – Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде ұсынылады.

3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы мәлімет):

- 1995-1999 жж. – Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (ММХҚИ), экономика бакалавры, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті;

- 1999-2001 жж. - Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (ММХҚИ), экономика магистрі, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті;

- 2002-2005 жж. - Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (ММХҚИ), экономика ғылымдарының кандидаты, менеджмент және маркетинг факультеті.

4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестік туралы мәліметтер:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі акционері - «Самұрық-Қазына» АҚ-ның лауазымды тұлғасы болғандықтан, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы негізінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғасы болып табылады.

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқаратын лауазымдары туралы мәліметтер:

- 2019-2020 жж. – ROTHSCILD & CO (ИНВЕСТ БАНК РОТШИЛЬД ЖӘНЕ КО) компаниясының Қазақстандағы өкілі;

- 2020-2023 жж. – Kazakhstan Investment Development Fund Management Company LTD Басқармасының төрағасы;

- 2023 – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы.

6. Үміткер ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:

«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі, Директорлар кеңесінің төрағасы.

7. Үміткердің «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:

Жоқ.

8. Өтелмеген/өтелген соттылығы немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған/алып тасталған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ соттың үміткерді меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласындағы немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыс жасауда кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес аталған қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:

Соттылығы жоқ.

9. Үміткердің «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ұсынылуға келісімі туралы мәліметтер:

Келіседі.

10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иелену:

Иеленбейді.

11. Соңғы бес жылдың ішінде басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

- 2023 – қазіргі уақытқа дейін – «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;

- 2025 – қазіргі уақытқа дейін – «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

12. Белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде, алдыңғы бес жыл ішінде басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органының басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылғаны туралы мәліметтер:

Жоқ.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты:

Хасенов Асхат Ғалымұлы.

2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:

Қолданылмайды.

3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген жылы, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):

- *2005 жыл - К.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті.*

- *2013 жыл - Халықаралық бизнес университеті.*

4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестік туралы мәліметтер:

Жоқ.

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:

- *«KLPE» ЖШС Басқарма Төрағасының орынбасары 26.08.2019 бастап 14.01.2022 дейін;*

- *Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі 2022 жылдың қаңтарынан 2024 жылдың мамырына дейін.*

6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:

Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:

Жоқ.

8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:

Соттылығы жоқ.

9. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:

Келісемін.

10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:

Иелік етпейді.

11. Соңғы бес жылдағы басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

Жоқ.

12. Мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлі сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдаған күнге дейін бір жылдан аспайтын

кезеңде басқа заңды тұлғаның бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (атқарушы органның басшысы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болғаны туралы мәліметтер:

Жоқ.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты:

Бахытжан Рыспекұлы Таубаев.

2. Үміткерді ұсынатын акционердің атауы:

«Самұрық-Қазына» АҚ, үміткер «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі – Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде ұсынылады.

3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы мәлімет):

- 2002-2007 жж. — Қазақ-Британ техникалық университеті, мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау инженері, энергетика және мұнай-газ өнеркәсібі факультеті;

- 2009-2011 жж. — Турин политехникалық университеті (Италия), мұнай инженериясы магистрі дәрежесі.

4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестік туралы мәліметтер:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі акционері - «Самұрық-Қазына» АҚ-ның лауазымды тұлғасы болғандықтан, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы негізінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғасы болып табылады.

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқаратын лауазымдары туралы мәліметтер:

- 2022-2023 жж. — «Жеңіс Оперейтинг» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары;

- 2023-2025 жж. – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Газ өнеркәсібі департаментінің директоры;

- 2025 жылдан бастап – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия және активтерді басқару жөніндегі тең басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

6. Үміткер ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:

«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі, Директорлар кеңесінің мүшесі.

7. Үміткердің «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:

Жоқ.

8. Өтелмеген/өтелген соттылығы немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған/алып тасталған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ соттың үміткерді меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласындағы немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыс жасауда кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес аталған қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:

Соттылығы жоқ.

9. Үміткердің «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ұсынылуға келісімі туралы мәліметтер:

Келіседі.

10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иелену:

Иеленбейді.

11. Соңғы бес жылдың ішінде басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

- 2025 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;

- 2026 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;

- 2026 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

12. Белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде, алдыңғы бес жыл ішінде басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органының басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылғаны туралы мәліметтер:

Жоқ.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер
туралы ақпарат**

1. Тегі, аты, әкесінің аты:

Қайргелді Жандос Абайұлы.

2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:

«Самұрық-Қазына» АҚ, үміткер «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде ұсынылады.

3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген жылы, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):

- 2007-2009 жж. — Eastern Mediterranean University, Banking and Finance, Түркия, Банк және қаржы саласындағы бакалавр дәрежесі;

- 2009-2011 жж. — University of Essex, Business School, Ұлыбритания, Банк және қаржы саласындағы бакалавр дәрежесі.

4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестік туралы мәліметтер:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі акционері - «Самұрық-Қазына» АҚ-ның лауазымды тұлғасы болғандықтан, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы негізінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғасы болып табылады.

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:

- 2022-2025 жылдары — «Silleno» ЖШС Бас директоры;

- 2025 – бүгінгі күнге дейін - «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Мұнай және газ активтері департаментінің директоры.

6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:

«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі, Директорлар кеңесінің мүшесі.

7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:

Жоқ.

8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:

Соттылығы жоқ.

9. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:

Келіседі.

10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:

Иеленбейді.

11. Соңғы бес жылдағы басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

Жоқ.

12. Мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлі сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдаған күнге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (атқарушы органның басшысы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болғаны туралы мәліметтер:

Жоқ.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты

Арғынгазин Арман Әнуарбекұлы

2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:

«Самұрық-Қазына» АҚ, кандидат тәуелсіз директор ретінде ұсынылады

3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):

- 1996 - 2000 жылдары – *Boston University School of Management (Бостон қ., АҚШ), «Корпоративтік қаржы» мамандығы бойынша іскерлік әкімшілендіру саласындағы ғылым бакалавры дәрежесі. Деканның тізімі (оқудағы жоғары нәтижелері үшін).*

4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестілігі туралы мәліметтер:

Жоқ

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:

- 2012 - 2020 жылдар - *Алматы қаласындағы UBS AG Өкілдігінің басқарушы директоры. UBS Investment Bank өкілі ретінде Қазақстан мен Орталық Азиядағы Инвестициялық банкті қоса алғанда, UBS тобының жалпы өкілдігін жүзеге асырды. Негізгі бағыттар: қарыз капиталы, акционерлік капитал нарықтарында мәмілелерді ұйымдастыру, сондай-ақ біріктіру және қосып алу бойынша мәмілелерді сүйемелдеу және ұйымдастыру.*

6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:

Тәуелсіз директор

7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:

Жоқ

8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:

Соттылығы жоқ

9. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:

Келісемін

10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:

Иеленбейді

11. Соңғы бес жылдағы басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

- 2011 жылдан 2018 жылға дейін - «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз атқарушы емес директоры;
- 2021 жылдан 2023 жылға дейін - «Кедентранссервис» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз атқарушы емес директоры;
- 2021 жылдан 2023 жылға дейін - «Қазатомпром» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы - тәуелсіз атқарушы емес директоры;
- қазіргі уақытта – «Қазақстанның Инвестициялық даму қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры.

12. Бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органның басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған өткен бес жыл ішінде туралы мәлімет:

Жоқ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты
Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы
2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:
«Самұрық-Қазына» АҚ, кандидат тәуелсіз директор ретінде ұсынылады
3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):
 - 1997-1999 жылдар – *Дюкейн университеті (Питсбург қ., АҚШ), «Бизнесі басқару» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесі (BSBA);*
 - 2002-2003 жылдары – *Оксфорд университеті (Ұлыбритания). Салыстырмалы әлеуметтік саясат ғылымдарының магистрі (MSC Comparative Social Policy).*
 - 2005-2007 жылдар – *Калифорния Беркли университеті (АҚШ), MBA дәрежесі.*
4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестілігі туралы мәліметтер:
Жоқ
5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:
 - 2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – *"StrategyLab" ЖШС консультациялық компаниясының негізін қалаушы.*
6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:
Тәуелсіз директор
7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:
Жоқ
8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:
Соттылығы жоқ
9. Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:
Келісемін
10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:
Иеленбейді
11. Соңғы бес жылдағы басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:
 - 2022 жылдан 2023 жылға дейін *«Казахтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;*
 - 2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін *«Самрук-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;*

– 2023 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Казатомпром» ҰАК» АҚ
Директорлар кеңесінің мүшесі;

– 2023 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Тау-Кен Самрук» АҚ
Директорлар кеңесінің мүшесі.

12. Бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органның басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған өткен бес жыл ішінде туралы мәлімет:

Жоқ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты
Холланд Филип Малкольм
2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:
«Самұрық-Қазына» АҚ, кандидат тәуелсіз директор ретінде ұсынылады
3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):
 - *Азаматтық құрылыс саласындағы ғылым бакалавры, Лидс университеті, Ұлыбритания*
 - *«Инженерия/құрылысты басқару» мамандығы бойынша ғылым магистрі, Ұлыбританияның Крэнфилд технологиялық институты.*
4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестілігі туралы мәліметтер:
Жоқ
5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:
 - *Төраға, Velocys plc*
 - *Атқарушы емес директор және Қауіпсіздік және тәуекелдер комитетінің төрағасы, Enquest plc.*
6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:
Тәуелсіз директор
7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:
Жоқ
8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:
Соттылығы жоқ
9. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:
Келісемін
10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:
Иеленбейді
11. Соңғы бес жылдағы басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:
 - *Төраға, Velocys plc*
 - *Атқарушы емес директор және Қауіпсіздік және тәуекелдер комитетінің төрағасы, Enquest plc.*

- 2022 - қазіргі уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

12. Бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органның басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған өткен бес жыл ішінде туралы мәлімет:

Жоқ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты

Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы

2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:

«Самұрық-Қазына» АҚ, кандидат тәуелсіз директор ретінде ұсынылады

3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):

- 1987 – 1992 - *Қазақ мемлекеттік экономикалық университеті, Алматы қ., мамандығы - Бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметті талдау;*

2008 – 2010 - *Ломоносов атындағы ММУ бизнестің жоғары мектебі, Мәскеу қ., Executive MBA.*

4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестілігі туралы мәліметтер:

Жоқ

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:

- 2018 – *қазіргі уақытқа дейін - АХҚО әкімшілігі Салық саясаты департаментінің директоры, Астана қ.;*

- 2015-2018 – *«Қазақстан инжиниринг» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Астана қ.;*

- 2008-2015 - *«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Аудит және бақылау департаментінің директоры, г. Астана қ.*

6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:

Тәуелсіз директор

7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:

Жоқ

8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:

Соттылығы жоқ

9. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:

Келісемін

10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:

Иеленбейді.

11. Соңғы бес жылдағы басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

- 2023 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «QazaqGaz» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;

- 2023 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

12. Мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлі сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдаған күнге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (атқарушы органның басшысы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болғаны туралы мәліметтер:

Жоқ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты

Шәкіров Асқар Оразәліұлы

2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:

«Самұрық-Қазына» АҚ, кандидат тәуелсіз директор ретінде ұсынылады

3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):

- 1973-1978 жылдары - М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің жанындағы Азия және Африка елдері институты.

4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестілігі туралы мәліметтер:

Жоқ

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:

- Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) Парламенттік ассамблеясы төрағасының орынбасары (07.2021 бастан http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34810973);

- Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (12.08.2019, 24.01.2023 бастан 26.09.2023 дейін қайта тағайындалды http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38586083), Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары (02.09.2019-24.01.2023), Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы (26.01.2023 бастан 26.09.2023 дейін).

6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:

Тәуелсіз директор

7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:

Жоқ

8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:

Соттылығы жоқ

9. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:

Келісемін

10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:

Иеленбейді.

11. Соңғы бес жылдағы басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

– 2004-2006 жылдары - «Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

12. Мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлі сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдаған күнге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (атқарушы органның басшысы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болғаны туралы мәліметтер:

Жоқ

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының
шешімі**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының есеп
комиссиясының құрамы туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 46-бабы 1-тармағына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2025 жылғы 31 желтоқсандағы (№4/2025 хаттама, №1 мәселе) шешімдерімен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы (№2\2023 хаттама, №5 мәселе) шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының 12-бабы 98-тармағының 5) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2025 жылғы 31 желтоқсандағы (№4/2025 хаттама, №2 мәселе) шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы 7-тарауының 38 тармағының 10) тармақшасына, 12-тарауының 73-тармағына сәйкес,

ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы

былай деп ШЕШТІ:

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлердің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының сандық құрамын 8 (сегіз) адам етіп белгілеу.

2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлердің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының өкілеттік мерзімін 2027 жылғы 31 мамырда аяқталатын етіп белгілеу.

3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлердің жалпы жиналысының Есеп комиссиясын мынадай құрамда сайлау:

1) Шәріпов Дамир Валерьевич – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлердің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының төрағасы;

2) Аханова Қаламқас Сейдаханқызы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлердің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының мүшесі;

3) Қанатова Жанагүл Қанатқызы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлердің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының мүшесі;

4) Мәдиева Салтанат Асқарқызы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының мүшесі;

5) Мырзағали Абай Болатұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының мүшесі;

6) Нечаева Оксана Николаевна – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының мүшесі;

7) Сексенбаева Әсия Махамбетқалиқызы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының мүшесі;

8) Түлеева Қалбибі Әлімзадақызы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының мүшесі.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
акционерлерінің кезектен тыс
жалпы жиналысының
2025 жылғы «___» тамыздағы № _____
шешімінің жобасына қосымша

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының Есеп
комиссиясының құрамы туралы» мәселе бойынша
түсіндірме жазба**

Астана қаласы

«___» _____ 2026 жыл

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлердің жалпы жиналысының (бұдан әрі – **Қоғам, ҚМГ**) есеп комиссиясының құрамын сайлау, ҚМГ Акционерлердің жалпы жиналысының бұрын сайланған есеп комиссиясы құрамының өкілеттік мерзімі аяқталуына байланысты.

2. Экономикалық әсері

ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының есеп комиссиясының функцияларын орындау «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамына жүктелген жағдайда, жұмсалуды мүмкін Қоғамның ақшалай қаражатын үнемдеу.

3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы

ҚМГ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының (бұдан әрі – АЖЖ) 2023 жылғы 6 сәуірдегі (№1\2023 хаттама, №2 мәселе), ҚМГ жылдық АЖЖ 2024 жылғы 28 мамырдағы (№1/2024 хаттама, №6 мәселе), кезектен тыс АЖЖ 2025 жылғы 5 мамырдағы (№1/2025 хаттама, №2 мәселе), кезектен тыс АЖЖ 2025 жылғы 13 қазандағы (№3/2025 хаттама, №2 мәселе) шешімдерімен АЖЖ есеп комиссиясының (бұдан әрі – **Есеп комиссиясы**) сандық құрамы (8 адам) мен өкілеттік мерзімі (3 жыл [2023 жылғы 6 сәуірден бастап]) айқындалып, ҚМГ қызметкерлерінің арасынан оның мүшелері сайланды:

Шәріпов Дамир Валерьевич – Есеп комиссиясының төрағасы;

Аханова Қаламқас Сейдеханқызы;

Көжекенова Мархабат Баянқызы;

Мәдиева Салтанат Асқарқызы;

Мырзағали Абай Болатұлы;

Төлеева Қалбибі Әлімзадақызы;

Сексенбаева Ася Махамбетқалиқызы;

Нечаева Оксана Николаевна.

Есеп комиссиясының аталған құрамы:

1) ҚМГ Корпоративтік хатшы қызметінің қызметкерлерінен (өйткені АЖЖ ҚМГ корпоративтік хатшысының тікелей қатысуымен ұйымдастырылады);

2) ҚМГ Қаржы департаментінің қызметкерлерінен (өйткені қаржы блогының құрылымында Инвесторлармен жұмыс басқармасы бар);

3) ҚМГ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің қызметкерлерінен (өйткені Есеп комиссиясы функционалының маңызды бөлігі АЖЖ-на

катисудың құқықтық негіздерін тексеру және ҚМГ акционерлерінің құқықтарын іске асырудың құқықтық мәселелеріне түсіндіру беру болып табылады) құралды.

Есеп комиссиясының өкілеттік мерзімі аяқталды.

Осыған байланысты, Есеп комиссиясының құрамын сайлау қажет.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының (бұдан әрі – **АҚ туралы Заң**) 36-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 46-бабының 1-тармағына, жылдық АЖЖ 2024 жылғы 28 мамырдағы (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы кезектен тыс АЖЖ (№4/2025 хаттама, №1 мәселе) шешімдерімен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен, жылдық АЖЖ 2023 жылғы 30 мамырдағы (№2/2023 хаттама, №5 мәселе) шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысының (бұдан әрі – **Қоғам Жарғысы**) 12-бабы 98-тармағының 5) тармақшасына, кезектен тыс АЖЖ 2025 жылғы 31 желтоқсандағы (№4/2025 хаттама, №2 мәселе) шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережесінің (бұдан әрі – **АЖЖ туралы ереже**) 7-тарауы 38-тармағының 10) тармақшасына, 12-тарауының 73-тармағына сәйкес, есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату АЖЖ-ның ерекше құзыретіне жатады.

АЖЖ туралы ережеге 5-қосымша “«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ есеп комиссиясының регламенті” (бұдан әрі – **Регламент**) 3-тарауының 5-тармағына сәйкес, Есеп комиссиясы 3 адамнан кем емес және 9 адамнан көп емес мөлшерде, келесі жылдық АЖЖ-на дейінгі мерзімге, ҚМГ Жарғысында, АЖЖ туралы ережеде және Регламентте көзделген тәртіппен және шарттарда сайланады.

АЖЖ туралы ереже 5-тарауының 20-тармағына сәйкес, Есеп комиссиясының төрағасы ретінде ҚМГ корпоративтік хатшысы сайланады.

ҚМГ құқықтық қамтамасыз ету департаменті Есеп комиссиясының құрамына Кужекенова Мархабат Баяновнаның (2025 жылғы шілдеде ҚМГ-ден жұмыстан босатылды) орнына Канатова Жанагуль Канатовнаны (ҚМГ құқықтық қамтамасыз ету департаменті Корпоративтік басқаруды құқықтық сүйеу басқармасының Корпоративтік шешімдерді құқықтық сараптама жасау секторының аға заңгері) қосуды ұсынды.

Қоғамның Директорлар кеңесі (2026 жылғы 8 шілдедегі №11/2026 хаттама, №23 мәселе) кезектен тыс АЖЖ 2026 жылғы 13 тамызға шақыру туралы шешім қабылдады, оның күн тәртібіндегі мәселелердің бірі Есеп комиссиясының құрамы туралы мәселе болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, осы мәселені алдын ала қарап, оны кезектен тыс АЖЖ қарауына шығаруды бастамашыл болған Қоғам Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 1–3 тамыздағы шешіміне (№12/2026 хаттама, №3 мәселе) сәйкес, ҚМГ акционерлерінің Жалпы жиналысына мыналар ұсынылады:

- 1) Есеп комиссиясының сандық құрамы – 8 адам деп айқындалсын;
- 2) Есеп комиссиясының өкілеттік мерзімі – 2027 жылғы 31 мамырға дейін (2027 жылғы жылдық АЖЖ-на дейін) деп айқындалсын;
- 3) Есеп комиссиясын келесі құрамда сайлау:

Шарипов Дамир Валерьевич (ҚМГ корпоративтік хатшысы) – Есеп комиссиясының төрағасы;

Аханова Қаламқас Сейдаханқызы (ҚМГ Қаржы департаменті Инвесторлармен жұмыс басқармасының Акционерлік капитал нарығы секторының жетекші маманы) – Есеп комиссиясының мүшесі;

Қанатова Жанәгул Қанатқызы (ҚМГ Құқықтық қамтамасыз ету департаменті Корпоративтік басқаруды құқықтық сүйемелдеу басқармасының Корпоративтік шешімдер жобаларына құқықтық сараптама жүргізу секторының аға заңгері) – Есеп комиссиясының мүшесі;

Мәдиева Салтанат Асқарқызы (ҚМГ Қаржы департаменті Корпоративтік қаржыландыру басқармасының Рейтингілік агенттіктермен жұмыс және қаржылық тұрақтылықты мониторингілеу секторының бас маманы) – Есеп комиссиясының мүшесі;

Мырзағали Абай Болатұлы (ҚМГ Құқықтық қамтамасыз ету департаменті Корпоративтік басқаруды құқықтық сүйемелдеу басқармасының Корпоративтік шешімдер жобаларына құқықтық сараптама жүргізу секторының жетекші заңгері) – Есеп комиссиясының мүшесі;

Нечаева Оксана Николаевна (ҚМГ Корпоративтік хатшы қызметінің жетекші маманы) – Есеп комиссиясының мүшесі;

Сексенбаева Әсия Махамбетқалиқызы (ҚМГ Корпоративтік хатшы қызметінің жетекші маманы) – Есеп комиссиясының мүшесі;

Түлеева Қалбибі Әлімзадақызы (ҚМГ Корпоративтік хатшы қызметінің жетекші маманы) – Есеп комиссиясының мүшесі.

Есеп комиссиясының құрамына ұсынылған кандидаттар ҚМГ Басқармасының құрамына кірмейді және, осылайша, АҚ туралы Заңның 46-бабының 2-тармағында және Регламенттің 3-тарауының 6-тармағында көзделген Есеп комиссиясының мүшесі ҚМГ Басқармасының төрағасы мен мүшелерін, сондай-ақ ДК төрағасы мен мүшелерін қоса алғанда, ҚМГ-нің кез келген қызметкері бола алатыны туралы талапқа сәйкес келеді.

АҚ туралы Заңның 36 бабының 2-тармағына және 50-бабының 1 тармағына, Қоғам Жарғысының 11-бабының 91-тармағына және 12-бабының 99-тармағына, АЖЖ туралы ереженің 7-тарауының 41-тармағына, 16-тарауы 120-тармағына сәйкес аталған мәселе бойынша шешім қабылдау үшін дауыс беруге қатысатын ҚМГ дауыс беретін акцияларының жалпы санынан жай көпшілік дауыс қажет және дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Шығарылатын мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған және қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдар

Осы мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

АЖЖ-ның осы мәселе бойынша шешім қабылдамауы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы нормаларының сақталмауы

тәуекеліне әкеп соғады, кейіннен АЖЖ-ның шешімдерін жарамсыз деп тану туралы сот даулары туындауы мүмкін.